



Ақмешіт

15 сәуір
сейсенбі
№27 (2140)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

МЕРЕКЕҢМЕН, ОҚЫРМАН!

15 сәуір – қазақ тарихында ерекше күн. Осыдан бір ғасыр бұрын Ақмешітте өткен Қырғыз АКСР-і Кеңестерінің V съезінде ел астанасы болған қаланы Қызылорда деп атады. Сонымен қатар бұған дейін «киргиз» аталып келген ұлт атауы қазақ деп өзгерту туралы қаулы қабылданды. Қазақ елі үшін маңызды бұл күн қолыңызға алып оқып отырған «Ақмешіт апталығы» газеті үшін де ерекше. 1994 жылы дәл осы күні ұлт мүддесін ту еткен Сыр өңіріндегі алғашқы тәуелсіз басылымның жарыққа шығуының дәл осы күнмен тұспа-тұса келуі бекер емес шығар. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қазақ тілінің мәртебесін биіктетуге, құжаттардың қазақ тілінде жазылуына айтарлықтай үлес қосқан басылым ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, тарихи тақырыптарды тірітті. Қазақ батырлары, жыршы-жыраулар туралы жазылған мақалалар газет бетінен түспеді. Тәуелсіз басылым ретінде өңір журналистикасына серпін берген газеттің бүгін жарыққа шыққанына 31 жыл толып отыр. Бүгінде қалалық газет статусы бар басылым қаланың тыныс-тіршілігімен қоса, ел жаңалықтары, қоғамдағы өзекті мәселелерді жазып келеді. Сонымен қатар салалар бойынша «Білім», «Денсаулық», «Экономика», «Экология», «Т-әлем», «Руханият», «Отбасы», «24/7», «Қуақы» секілді арнайы беттер ай сайын тұрақты шығып тұрады. Мұнан бөлек, «Қызылорда астана болғанда», «Қала тынысы», «Шынымды айтсам», «Жүрек кілті» – оқырман көңілінен шыққан тұрақты айдарлар. Сондай-ақ нөмірдің жүгін көтерер сараптамалық мақалалар да елдегі өзекті мәселелер қамтылып келеді. Тағы бір атап айтарлығы, оқырман газет оқуға үндейтін ЖИ тілшілері Мәтінбек пен Аққағаз апта сайын әлеуметтік желілерде газеттің сенбілік санына шолу жасайды. Бұл да оқырман көңілінен шыққан дүниенің бірі. Газеттің туған күніне орай, оқырманға тарту ретінде тағы бір жаңа айдар қостық. «Жыр-күмбезді» деп аталатын жаңа айдардың мақсаты – Сыр сұлейлерінің ізін жалғастырып жыршы-жырауларды насихаттау. Оқырман жыршы-жыраулардың сұхбатын газеттен оқып, QR-код арқылы ютуб арнамыздан терме тыңдай алады. Қысқасы, газет оқырманымен беделді. Біз үшін оқырманның пікірі қымбат. Сол себепті хат жазыңыз, ой бөлісіңіз, құрметті оқырман! Газеттің жарыққа шыққан күні оқырман үшін мереке деп санаймыз. Бұл күнге қалың оқырманмен жеткенімізді бақыт деп санаймыз. Басылымның оқырманы көп, ғұмыры ұзақ болғай!

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА...

ҚАЗАҚ АТАУЫ ҚАЙТАРЫЛҒАН КҮН



Сол жағалаудан бой көтерген Қызылорда қаласының тарихы музейі Қазақ АКСР-нің астанасы болған Қызылорда қаласындағы бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызбасы негізінде салынған. Ұлтымның ұлық атауымен қайта қауышқан тарихи сәт те осы ғимаратта болған еді...

Бүгінде осы ғимаратта орналасқан Қызылорда қаласының тарихы музейінің экскурсоводы Алтын Кербозова «Әрбір азамат өз елінің, ұлтының тарихын білуі керек» деген ойын айтты.

– Қызылорда қаласының тарихы музейінің жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының 1992 жылғы «Тарихи, мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» және 2006 жылғы «Мәдениет туралы» Заңдарына, музейдің Жарғысына, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының, қалалық мәдениет және спорт бөлімінің шешімдеріне сәйкес жүргізіледі. Бұл жылдар қазақ тарихында ерекше орын

алады, бұрынғы Ақмешіт бұл жылдары Қызылорда аталып қысқа мерзімде болса да Кеңестік Қазақстанның астанасы дәрежесін иемденді. Қала өмірінде түбегейлі өзгерістер өңір тұрғындарының көңіл-күйіне де үлкен әсер етті. Жаңа астана құрылысына және Қызылорданың Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретіндегі қызметін орнықтыруға С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, М.Тынышпаев, А.Кенжин, С.Ақаев, А.Серғазин, О.Исаев, С.Сәдуақасов, С.Ескараев тәрізді қоғам қайраткерлері белсенді қатысты, – дейді Алтын Сәдірқызы бізбен әңгімесінде.

3-БЕТТЕ

Сағат ТАЙМАН, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, гуманитарлық педогогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты:

ҚЫЗЫЛОРДА – ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗІ САЛҒАН АЛҒАШҚЫ АСТАНАСЫ

Қызылорда – қазақ тарихындағы ерекше орны бар қала. 1925-1929 жылдары астана болған бұл қала ел тарихында маңызды саяси мәдени оқиғаларға куә болды. Осы кезеңді зерттеу нысанысы етіп алған Сағат Тамшыбайұлымен арнайы сұхбат құрып, Қызылорданың астана кезеңіндегі деректерді оқырманға жеткізудің сәті түсті.

1924 жылы Түркістан АКСР таратып, оның орнына Өзбекстан, Түрікменстан республикалары, Қырғыз, Тәжік автономды облыстары құрылды. Сырдария және Жетісу облыстары, сондай-ақ Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақ автономиялық республикасы құрамына енді, сөйтіп, ел астанасын шалғайда орналасқан Орынбор қаласынан қазақтың қалың ортасына көшіру мәселесі қайта көтерілді. 1924 жылдың қыркүйек айында Қазақком сессиясы ел астанасын Ташкентке ауыстыру, оған рұқсат етілмеген жағдайда Шымкентке көшіру жайында жобаларын қарастыра

бастады. Ол кезде Ташкент қаласының тұрғындарының басым көпшілігі қазақтар болатын. Осы хабарды естіген қаладағы өзбектер оңтүстіктегі Самарканд, Бұхара қалаларына көше бастады. Алайда Мәскеудің араласуымен, бұл жоба орындалмады. Осы кезде қазақ зиялылары Сұлтанбек Қожанов «Еңбекші Қазақ» газетінде енді Қазақстан астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы пікірлерін жариялай бастады. Оның бұл пікірін С.Сәдуақасов, Т.Жүргенов және басқа ұлт зиялылар да қолдады.

4-БЕТТЕ



– Орынбордан астананы көшіру кезінде Қызылорда қалай таңдалды?
– Қазақ АКСР-нің алғашқы астанасы Орынбор болғанын білеміз. Алайда кеңестік билік Түркі әлемін ыдырату мақсатында

Қызылорда қаласының 1925-1929 жылдардағы рухани өмірі

Қызылорда қаласының кешегісін бүгінгімен сабақтастыра отырып, қаланың тарихи имиджін қалыптастыру, осы арқылы болашақ ұрпақтың санасына сіңіру, бүгінгі жасты өз туған жерінің, өсіп-өнген топырағының патриоты болуға тәрбиелеу аса қажет. Патриотизмнің кіндік қанын тамған жеріне, өскен ауылына, қала мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталатыны сөзсіз.



Қос ғасырдың куәсі болған Қызылорданың тарихи хронологиялық жүйесіне зер салсақ, 1818-1853 жылдардағы Ақмешіт Қоқан хандығының иелігінде болса, 1853-1917 жылдары Перовск кезеңін қамтиды. Ал 1917-1991 жылдар аралығы Кеңес одағының кезіне сәйкес келеді. 1991 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде Қызылорда қаласы облыс орталығы ретінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы жағынан өсіп-өркендеген қалалар қатарында.

2-БЕТТЕ



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҒИМАРАТ

Қаладағы ескі базарға барғанда «Аль-Асад» деген дүкенге соқпай кететіндер аз. Алайда сол халық «Аль-Асад» дүкенінің ғасырдан астам тарихи ғимарат екенін біле ме екен? Қалың көпшілік бұл ғимаратты тек сауда орталығы деп таниды. Бір жарым ғасырдан астам тарихы бар ғимарат кезінде баспахана болған.


Қызылорданың Астана болғанына 100 жыл қарсаңында тарихи ғимараттардың тарихын білуге қызығушылығымыз арта түсті. Қаламыздағы санаулы тарихи ғимараттардың бірі – бүгінгі «Аль-Асад» сауда орталығы. Еліміздің алғашқы астанасы болған Қызылорда қаласында тарихтан сыр шертетін ғимараттардың көпшілігі кезінде жаңа қала жасау жоспарымен бұзылып кеткен. Бүгінде қаламызда тарихи ғимараттар санаулы-ақ. Сондықтан жас буын тарихи ғимараттар жөнінде біле жүргені де жөн.

2-БЕТТЕ

Қызылорда астана болғанда мұнда Алаш арыстары қызмет етті. Тұтас қазақ елінің ертені жолында жоспар сызып, айқын мақсатқа жұмыс істеді. Қайсыбіріннің де кеудесіндегі асыл мұрат біреу еді. Ол – ұлтқа қызмет ету.

ҰЛЫЛАР ТҰРҒАН ҮЙЛЕР

Мәңгілік алаудың іргесінен түскен Еркін Әуелбеков көшесінде Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынұлы тұрған. Екеуінің үйі қабырғалас еді. Бұл туралы Гүлнар Міржақыпқызының естеліктерінде айтылған. Онда «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Садовая көшесіндегі жетінші үй – Ергали Қасымов төренің үйі болатын. Үйдің бір бөлігі Ахмет Байтұрсынұлының отбасына қарайтын да, екінші бөлігінде біз – Дулатовтың отбасы тұратынбыз. Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша Байтұрсынұлымен бірге тұрғанбыз. Астана 1928 жылдың жазында Алматыға ауыстырыла бастағанда Ахмет Байтұрсынұнов өзінің жұмыс істеп жүрген оқу орнымен бірге көшкен-ді. Босаған үйдің орнына Ергалидің інісі Ибрагим Елікәйұлы Қасымовтың отбасы көшіп келді» деп жазған.



4-БЕТТЕ

Қызылорда қаласының 1925-1929 жылдардағы рухани өмірі

Өткен ғасырдың басындағы ең алғашқы сәттер Қызылордада болған. Мәселен, Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып 1917 жылы 12 қарашада Перовскіде, (1922 жылы Ақмешіт атыуы қайтарылған) қазіргі Қызылордада орнады. 1925 жылы Қызылорда мемлекетіміздің астанасы болды. Астана атанған жылы ең алғаш жазушылардың Бүкілқазақстандық конференциясы, уездік қалалық мұғалімдер съезі Қызылордада өтті. Бірінші қазақ драма театры Қызылордада құрылды. Театрда М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды белгілі каламгерлердің туындылары сахналанды.

Алғашқыда Алаш зиялылары шоғырланған Орынбор қаласы Қырғыз АКСР-інің астанасы болса, 1924 жылы Қырғыз Автономиялы әкімгершілік территориясын ұлттық тұрғыдан жеделуе барысында Орынбордың басым бөлігі орыстар болғандықтан және шалғайда жатқандығы ескеріліп, қазақ зиялылары арасында астананың ауысуы төңірегінде өте қызу пікір қалыптасты. Тарихи деректерге сүйенсек, астана қылуға Ақтөбе, Әулиеата қалалары, тіпті Атбасарда ұсынылған екен. Ақыры 1925 жылы Қазақ Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарды. Бұл шешімнің шығуына сол кездегі Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов үлкен рөл атқарған. Ол жаңа астана туралы ойларын 1924 жылы «Ақжол» газетінде жариялаған («Шешімді келісу керек», «С жүзінде орындау керек», «Қазақтың кіндігі қай қала болсын?») және тағы да басқа мақалаларында бұкіпсез келтірді. Сонымен бірге оның «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек» деген сөзі тарих бетінде өшпестей қалды.

Осылайша қазақтың әдет-ғұрпы, салты, діні, руханияты таза сақталған Сыр бойындағы Ақмешіт қаласына астана болу тағдыры жазылды.

1925 жылдың ақпанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті (КазЦИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы Қаулы қабылдайды. Перовск станциясы темір жол жұмысшыларының бастамасы бойынша Қазақстан өкіметін Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде «Қызыл паровозды» жөндеуден өткізіп, Орынборға жіберді. Қазақ АССР-і Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар пойыз Орынбордан республиканың жаңа астанасы, Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанды.

Рухтанатындай жөніміз бар. Қайсыбір облыс орталығы астана мәртебесіне ие болған жоқ. Ол Қызылордаға бұйырды. Сондықтан астаналық деңгейімізді әр кез біік ұстап жүріміз керек.

Шыны сол, Қызылорда қаласы – XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының табаны тиген жер, қазақ интеллигенциясының қызмет атқарған ордасы, талай тарихи көркем шығармаларды туысқан мекен. Орынбордан кейінгі қазақ елінің астанасы атанған тарихқа бай өлке. 1925 жылдың 15-19 сәуір аралығында Қызылордада өткен Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезінде ең негізгі екі мәселе шешімін тапты. Біріншісі, 19 сәуірде қазақ атауын қайтару туралы шешім қабылданған. Бұл қазақ елінің болашағы үшін үлкен тарихи оқиға болатын. Екіншісі, Ақмешіттің атауы Қызылорда болып өзгерді. Сондықтан еліміздің қазақ ретінде есесінен көтеруге Қызылорданың тарихтағы орны орасан зор екенін ұмытпауымыз керек.

Деректерге сүйенсек, 1926 жылғы санақ бойынша, Қазақ АССР-де 16 мен 35 жас аралығындағы 1,7 миллион адам сауатсыз деп есептелген. Осы кезде

Басы 1-бетте

Қазақ өлкелік комитеті сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияларды қайтадан қалпына келтіру туралы шешім қабылдапты. Қазақ мектептерінің көбеюіне, жоғары оқу орындарының ашылуына үлкен мән берілген. 1925 жылы Қазақ халық ағарту институты Қызылорда қаласына көшіріліп, оның жұмысына тәжірибелі педагогтар мен ұйымдастырушы қайраткерлер тартылған. С.Сейфуллин 1927-28 жылдары Қызылордада Қазақ ағарту институтында басшылық қызметте болған. Осы жылдары институтта А.Байтұрсынов, С.Мұқанов, Т.Жүргенов, Т.Шонанов сынды қоғам қайраткерлері әр пән бойынша дәріс оқыған.

Қай кезде де жаңалыққа жаны құштар руханият өкілдері бұндай сәтті назардан тыс қалдырған емес. Ақмешіттің Қызылорда атануына байланысты Сәбит Мұқанов «Еңбекшілер мекені» атты өлең жазып қалдырды. Сонымен бірге «Өмір мектебі» – жазушының Ақмешітке табаны тигеннен қызық та қиын өмірі баяндалатын толымды шығармасы. Жазушы «Адақандар» романын да Қызылордада жазған.

Сыр өңірінің талай жанға пана болған жер екені тарихтан белгілі. Қызылордаға тағдырдың жазуымен келген каламгерлер өздерінің ризашылығын туындылары арқылы қалдырған. Солардың бірі торғайлық ақын Сырбай Мәуленов өз есімін Сыр бойымен байланысты екенін «Қызылорда» атты өлеңінде жырлаған:

Қызылорда, жақынсың,
Алғаш сенде шықты үнім.
Өзің жайлап жатырсың,
Жанның терең түкпірін.

Тер шұбырып маңдайдан,
Болғанда ел ақтабан,
Ауып алып Торғайдан,
Әкем Сырға тоқтаған.

Кешікпей аз жылдан соң,
Өмір мені шақырды.
Сыр бойында туған соң,
Сырбай қойды атымды.

Ескі камал болғанмен,
Қызылорда жас қалаң.
Алғаш соққан қорғанмен,
Сенсің, Қызыл астанам.

1925 жылдың жазында барлық республикалық газеттер жаңа астана – Қызылордаға көшірілді. Ел жаңалығын оқырманға жеткізуде каламгерлер сол кезеңнің қаржы қиындығына қарамастан газет шығаруды қолға алды. 1925 жылдың соңына таман Қазақстанда шығарылған газеттердің саны 31-ге жетті. Қызылорда астана болған 1925-1929 жылдары қаладан республикалық 6 газет, 8 журнал шығып тұрған. Оларда Қызылордаға келген қазақтың көрнекті ақын-жазушылары өз қолтаңбаларын қалдырды.

«Еңбекші қазақ» («Егемен Қазақстан»), «Советская степь», («Қазақстанская правда») республикалық газеттер мен журналдар Қызылордадан тарай бастады. Сырбай Мәуленовтің Алаштың Ақмешіті жайлы «Сәкен бәткенесінің ізі қалған» деп жазғаны да осы кезең оқиғалары еді. Есімдері ұлт жадында мәңгі қалған Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сабыр Шәріпов, Қалмахан Әбдіқадиров, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетов сынды каламгерлердің ұлт әдебиетінің қорын байытқан жауһар шығармалары Қызылордада дүниеге келді.

1926 жылы қазақ ұлттық театры Қошқе Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашты. Қазаққа театр өнерін

тұңғыш танытқан Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұловтар уақыт өте келе ұлт руханиятының қабырғалы қайраткерлеріне айналды. М.Дулатовтың қызы Гүлнардың естеліктерінде «Қызылордада тұрған уақытта үйге Назина Құлжанова, Ілияс Байменов, Әліби Жанкелдин, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Смағұл Сәдуақасов, Көшке Кеменгер, Әлібек пен Әуелбек Қоңыратбаев және де тағы басқалар қонаққа келетін» деп жазған.

Қызылорданы ақындар шабыттана жырласа, жазушылар көзімен көргені мен көңілге тоқығанын көркем шығармаға айналдырды. Солардың қатарында Сәбит Мұқановтың, Әбділда Тәжібаевтың, Асқар Тоқмағамбетовтің ерекше атауға болады.

«Неге маған жырламаса Сырда туған елімді» деп, туған өлкеден мақтан тұтып өткен Әбділда Тәжібаев Қызылордаға да жыр арнаған. «Сыр туралы жыр» деген өлеңінде ақын:

Туған қалам – Қызылорда – сен едің,
Сен мен үшін биік едің, кең едің,
Сен арық қала болмас дер едің.
Шам шабары – Мысырға да тең едің.
Сендегі өткен хикаялар мен үшін,
Ертектегі «Мың бір түннен» көп еді, – деп, толғана

жырлайды, жүрегінмен тебіренеді, сағынышпен сырласады. Сағынғаны сондай:

Қосып Сырға сағынышын ақынның,
Жүзіп келе, жүзіп келе жатырмын.
Жастан қалған әдеті ғой баланың:
Лай судан жұтып-жұтып аламын, – деп, алғаусыз

көңілін ақ өлеңге айналдырып жіберген.

Әбділда ақынға туған жердің бәрі ыстық. Құмы да, желі де, лайы да, тіпті аң-құсы да. Туған жердің барлық тіршілік иесіне бас иеді, құрметпен қарайды. Ондай кезде ақынның жүрегі нәзік:

Құсын қайда, қарағым-ау?
Атпадым.

Тапнадың ба тоғайдан құс?
Таппадым.

Көп еді ғой көлде де құс...
Көп екен.

Неге атпадың?
Түк дәлелім жоқ екен.

Атуға сен қимайдың ба?
Қималдым.

Туған жердің құстарын да сыйладым.

Әбділдадан басталған туған қаласына тебіреніп өлең арнау үрдісі үзілген емес. Қызылорда қаласының мерейтойларында ұйымдастырылған «Дарияның жағасында бір қала бар», «Қызылорда, жүрегіміздің төрінде» атты республикалық жазба ақындар мұшайралары талай ақынды қанаттандырды, тыңдарманның жалынды жырлармен сусындатты.

Қызылорда қаласының астана болғанына биыл 100 жыл. Сырдың бас шаһары қандай мәртебеге болса да лайық. Сондықтан Қызылорданың тарихи имиджін, әдеби әлеуетін көтеру мақсатында ұрпақтар сабақтастығын берік жалғауымыз керек. Ол үшін Қызылорданы өз шығармасына арқау еткен ақын-жазушылар мен олардың озық туындыларын бүгінгі шығармашылық ортамен байланыстырып, орта мектептер мен оқу орындарында терең талдау арқылы ұрпақ жадына сіңіруді қолға алған жөн. Себебі ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, салт-дәстүріміз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Нұрлан НУРМАХАНОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университетінің аға оқытушысы



Қош бол, Сырдың сырбаз қызы

Уақыт деген ұшқан құстың қанатымен ілесіп зымырап барады. Оқу-ағарту бірінші вице-министрі қызметін абыроймен атқарған сіңілімдей болған әріптесім, білім саласында бірге басшылық қызмет атқарған, ауылы да, ардақты жан Наталья Жұмаділлаеваның бұл фәниден өткеніне де 40 күннің жүзі болыпты.

Сыр елінің ауылы қызындай болған, қазақтың сүйкімді келіні, ұлты басқа болғанмен жаны қазақ, ұлттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтай білген Наталья Васильевна алғашқы еңбек жолын қаладағы №12 I.Қабылов атындағы орта мектепте бастауыш сыныпта мұғалім, кейін №3 гимназияда мұғалім, мектеп директорының бастауыш сыныптың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, №112, 23 мектеп лицейдің директоры қызметін абыройлы атқарған білімді, парасатты, кішіпейіл, адамгершіліктің асыл қасиетін бойына жинаған керемет жан еді. Әріптестері арасында шығармашылық ізденіс, инновациялық жаңалықтың жарымы болумен қатар, басшылық қызмет атқарған кезде өзара пікірлесіп, тәжірибе бөлісіп тұрушы едік. Білімнің көкжиегін бағындыруда өзінің еңбекқорлығы, ізденімпаздығы, инновациялық жаңалықты тез меңгеріп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде көшбасшы бола білген өнегелі ісімен

халықтың құрметіне бөленген іскер әріптесім еді.

Наталья Васильевна ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, ұстаз тәрбиелеуде де өшпестей із қалдырып, білім саласының қарқынды дамуын қалыптастырған тұлға. Ерекше кішіпейіл, мәдениетті, терең білімді, жан-жақты, ойы ұшқыр еді. Кез келген қиындықтан жол таба білетін.

Осыдан біраз жыл бұрын ортамыз-дан Парламент мәжілісінің депутаты болып сайланғанда Сыр ұстаздарының мәртебесі көтеріліп, Натальяға сәттілік тілеп шығарып салғанбыз. Көп ұзамай өзінің іскерлігі, жанкешті еңбегі мен терең білімінің арқасында Оқу-ағарту бірінші вице-министрі қызметіне тағайындалғанын естігенде тілектес болып, қуанған едік. Министрілікті жауапты қызметте де абыройлы еңбек етіп, үмітімізді ақтаған еді. Аман қанша, Алланың берген дәм-тұзы ораза айында таусылып, мәңгілік мекеніне орналасты. Жатқан жері жұмақтың төрінде, иманы саламат болсын. Бақұл бол, ауылы дос, әріптес, ұлағатты ұстаз, сүйкімді жар, немерелерінің ардақты әжесі, білім саласының майталман басшысы бола білген Наталья Васильевна!

Үміт ҚОСЕКЕЕВА,
«Білім беру ісінің» үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Досқа адал еді

Заманында қазақтың ауылы перзенті Ахмет Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген болатын. Күні кеше ғана өмірден өткен ауылы ұстаз Наталья Жұмаділлаеваның бойында мұғалімге тән осындай жапа қасиеттер мол еді. Білім саласында ұзақ жылдар қажырлы еңбек етті. Ұстаздықтың ұлы жолынан өткен қарапайым болмысымен талай шынды бағындырып, қызметте таза еңбегімен сатылап көтерілген жанмен біз де қызметтес болдық. Өзі биік, ұстамды бейнесімен әлі көз алдымызда. Ақжарқын, ашық мінезі, жан жақты білімі, еңбекқорлығы, табандылығы, ешқашан жұмыстан қашпайтын қайсар мінезі, досқа адалдығы, отбасына деген құрметіне тәнті болатынбыз. Өзге ұлттың өкілі болғанмен қазаққа келін болғанын зор мәртебе санайтын. Ұлтымыздың салт-дәстүріне ерекше ден қоятын. Жаңашылдыққа ұмтылу, білім жолында заман көшінен қалмай ілгерілеу, басшылық қызметте жүргенде ұжыммен тіл табысу, қарамағындағы әріптестерінің материалдық, моральдық

жағдайын зерттеп, көмектесу оның адамгершілік қасиеті еді. Ол кісі «менің қолымнан келмейді» деген сөзді ешқашан айтқан емес. Отанға, елге деген сүйіспеншілігі болар, бастаған ісі аяқсыз қалмай, мезгілінде орындалатын. Қазақтың рухы менізі әр бастамасынан, сөйлеген сөзінен байқалып тұратын. Ел мүддесі үшін қызмет ету өмірлік ұстанымы болды. Еңбегі мен ізгі қасиеттері оны ұжымда, қоғамда, ел алдында құрметке бөледі. Достыққа адал, ишегі таза, ойлы болатын. Біз тек қызметтес емес, сырлас құрбы болдық. Сол кездегі ақыл-парасаты, кең құшағы, сүйіспеншілігі бізге қанат бітіретін еді. Аз ғана ғұмырында қоғамның дамуына ерекше қолтаңба қалдырған ауылы жанның есімі ол кісіні танытын жандардың, біз секілді құрбыларымыздың жанында ардайым сақталды. Ауылы жанның жаны жаннатта болсын. Оқылған құран қабыл болсын.

Меруерт ӘБДІКАЛЫҚОВА,
«Зерде» мектебінің директоры,
Әлия КӨШКІНБАЕВА,
арлагер-ұстаз,
Жанат ҚАМИТБЕКОВА,
№136 мектеп директоры

Білімнің биігін бағындырған жан еді

1985-1991 жылдары қайта құру саясаты тұсында Наталья Васильевна 1991 жылы Мордва мемлекеттік университетін француз тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, Еліміздің білім саласына ғана емес, Парламент депутаты болған кезінде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге қатысты заңдар қабылдауға өз үлесін қосқанын білеміз. Көптігі Қазақстан халқының бірлігі бағытындағы мемлекетіміздің қалыптасуы жолында да қажырлы еңбек етті.

Наталья Васильевна өзге өлт өкілі болғанымен, қазақ тілінде еркін сөйлеп, салт-дәстүрді жіпке тізгендей айтып отыратын. Мектепте басшылық қызметте жүргенде де әр мұғалімнің жүрегіне жол таба білді. Ол кісінің жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы, қоғамдағы белсенді жұмысы көпке үлгі болды. Өмірде өнегелі із қалдырған ауылы ұстаздың жарқын бейнесі әріптестерінің есінде мәңгілік сақталды. Жаны жаннатта, иманы серік болғай.

Амангали ЕСИМОВ,
С.Толыбеков атындағы
№3 IT мектеп-лицей директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҒИМАРАТ

1925-1929 жылдары ел астанасы болған Ақмешітте тарихи орындар көп. Бүгінде «Аль-Асад» атауымен дүкен қызметін атқарып тұрған ғимарат 1878 жылы салынып, Қызылордадағы бұрынғы қыздар приход училищесі, кейіннен Перовск училищесі болған. Ал Сыр журналистикасының тарихы кітабының 3-томында «1925-1929 жылдары Қызылорда астана болған аралықта ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасты. Мұнда «Еңбекші Қазақ» (Егемен Қазақстан) және «Советская степь» (Қазақстанская правда) газеттері басылды. Кейін бұл ғимаратқа аяқ киім фабрикасы көшіп келіп, тоқсаныншы жылдары жекешелендіру уақытында жекеге өтіп, «Аль-асад» дүкеніне айналды» деп жазылған. Қазақ мемлекеттік баспасы ел астанасы Қызылордаға көшкенінде баспа ісінің дамуына, ұйымдастыру ісінің басы-қасында жүрген ұлт зиялысы Міржақып Дулатовтың есімі құрметпен аталады. Демек, бұл ғимаратта Міржақып Дулатовтың да ізі қалған деуге болады.

«Қызылорда ел астанасы болған уақытта қазақ зиялылары Орынбордан осында қоныс аударғаны белгілі. Сол уақытта ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов ағарту ісіндегі әліпбиін

Басы 1-бетте

қазіргі «Аль-Асад» сауда үйі ғимаратында, яғни ғимарат баспахана болған уақытта басып шығарған деген дерек те бар.

Сонымен басылым беттерінде жарияланған деректерге сүйенсек, бұл ғимарат төрт класты қазақ жастарын аудармашылық дайындайтын түземдік мектеп болған. Қазан төң-

Журналист Мұрат Жетпісбайдың «Egemen qazaqstan» газетінің 2021 жылы 1 ақпанында жарық көрген «Еңбекші қазақ» басылған баспахана» атты мақаласында ғимарат

1878 жылы күйдірілген кірпіштен салынғаны жөнінде жазылған. Ғимарат инженер, генерал Брюноның жобасы бойынша негізі қаланып, қыздар

Сондай-ақ бұл ғимаратта аяқ киім фабрикасы орналасып, тоқсаныншы жылдары жекешелендіру уақытында жекеменшік қолға өткен.

Ғимарат қабырғасына 2017 жылы «Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдары аралығында осы Перовск училищесі ғимаратында оқыды» деген жазуы бар. тақта орнатылған.



керісінен кейін, 1925-29 жылдары республикадағы баспахана (типология) қызметін атқарды. Осы баспаханадан республикалық «Еңбекші Қазақ» (кейіннен «Социалистік Қазақстан», бүгінде «Егемен Қазақстан») және «Советская степь» (кейіннен «Қазақстанская правда») газеттері басып шығарылған. 1929-1973 жылдары облыстық кітапхана, кейін тігін-тоқыма фабрикасының үйі орналасты.

приход училищесі болып ашылды. Іретасы бетон. Төбесі шатырланған. Ғимараттың қасбеті ою-өрнектеліп өрілген. Алдыңғы қасбетінің орталық бөлігінде «1878 г» деген жазу бар. Ғимарат бір қабатты, күйдірілген кірпіштен салынған. Жоспары бойынша формасы «Г» пішінде. Едені бетоннан және плитадан. Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Жалпы, елдің алғаш астанасы атанған Қызылорда қаласының әр бұрышы тарихтан сыр шертеді. Өйткені мұнда қазақ халқының ел болып қалыптасуының бір кезеңі жатыр. Сондықтан ескі ғимараттарды ұмытпай, тарихпен танысу болу бізге міндет.

Айтқалқы
АЙТЖАНОВА

ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



...Сәрсенбай ақсақал қатарынан 4 баласын бірінен соң бірін қан майданға аттандырғалы көңілі алаң күйі кешіп, іштей ынылдап жүретінді шығарды. Төрт құлыны соғысқа баруға шақыру қағазын алғанда: – Есее, балаларым, бұл да бір елге келген нәубәтті сынақ шығар.

«Ел басына күн туса, батыр үйде жатпаған, Елім деген нағыз ер, жау бетін қайыра қаптаған» деп оларға дем беріп, сол қанды қырғынға бірінен соң бірін, ақ батасын беріп аттандырған еді. Сөйтіп, зайыбы Палайымға басу айта: «Елмен бірге көрген ұлы той ғой, бәйбіше» деп қоюшы еді. Десе де, оларды ойласа алай-дүлей күй кешетін. Кім перзентін өлімге қиған дейсіз? Соғыстың аты, соғыс. Адам өлмейтін соғыс болып көрген емес, ешқашанда. Соғыс атының өзі суық сезілмей ме? Бұны да жақсы біледі.

Ескіше сауаты бар Сәрсенбай ақсақал бір ауылдың молдасы атанып, сөзін елге тындытқан, ауылдың игі-жақсыларымен қатар жүрген кісі болғандығы бар. Кеудесінде сәулесі болғандықтан шығар, балаларына күш-қайрат беріп, қанды қырғынға аттандырғаны. Сөйтіп жүргенде үш баласының соғыста опат болғаны жайлы «қара қағаз» келгенде де ол кісінің ішкі мұңын білдірмегеніне ауылдастары қайран қалысты. Ішінен қайғы мен күйіктің оты шығып тұрса да өзін ұстады. Өйткені діни сауаты болмай жас жігіттер. Солардың ішінде ұйқыдан қалып соның тілеуін тіледі. Жанын шүберекке түйіп оның аман-есен келуін Жаратқанның жалбарына сұрады.

Есекке мініп Ақарық пен Құмшығанақ арасындағы қалың бидайықты тобықтан қақтырып, қалың ой кеше жүріп, ағайынның есендігін біліп қайтатын. Сондағы тілеуі майданға кеткен ауыл азаматтарының есен-сау елге оралуына дұға етіп, Қожжан кожа баба мазаратына баратын...

Ағалары – Ысмак, Әлайдар соғысқа аттанғанымен Ысмайыл мен Әубәкір де көпке ұзамай майданға шақырылды. Ел басына бұдан ауыр қандай күн тусын? Қызылорда вокзалында сапырылған кара халық. Майданға аттанып бара жатқандардың көбі өзі сияқты өрімдей жас жігіттер. Солардың ішінде Ысмайыл мен Әубәкір де кетіп барады. Бір ауылдың өзінен 40-50 шақты жігіттер бар. Жұрттың жүзі жабырқаулы. Жылаған да, сықтаған да осы вокзал басында. Әрине, бұл көрініс олардың жүректерін ауыртып шыныды. Біреулер жалғызын шығарып салып, жер бауырлай жата қалып жылап, талып құлап жатқандар да кездесуеді. Бұл соғыстың осылай талайға қасірет әкелгені шындық еді. Бұлар мінген эшалон ынырыс орнынан қозғала үш рет тұдоқ берді. Сол кезде «Қош бол, туған жер!» деп жанарына жас ірке Әубәкір де қызыл вагоннан сыртқа қарады. Өне-міне дегенше, состав алға ышқына батысқа қарай бет түзеді.

Жолда келе жатып біреуі ауылдағы ата-анасын ойласа, енді бірі артында қалған жары мен бала-шағасын ойлап күрсінгендей. Ал Әубәкір болса артында қалған әкесі мен анасын ойлап іштей толғап келеді.

Туған жер, әкем-анам, қош болыңдар, Қаншама майдан кеткен достарым бар. Жауға аттанып барамыз жеңу үшін, Жаксылар, шаруаларға бас болыңдар!.. – деп Әубәкір елге тілегін арнап барады. Бұл ақындық өз нағашысы тарқамас түйінді тілімен шешкен Досбол би жағынан келсе керек. Досбол бидің Балайым атты қарындасынан өрбіген ұрпақ қой. Іштей ауылды ойлап, оның әрбір сары құмының өзі сондай жанға ыстық екендігін тебірене еске алып келеді...

Ақыры бірнеше күн жүріп Қазақстанды артқа тастап Башкирияның Алкино станциясына келіп бір-ақ тоқтайды. Карантинде үш күн болғаннан кейін, сол жерде орналасқан полктерге бөле бастайды. Содан Ысмайыл ағасы екеуі Алкино лагеріндегі №17 атқыштар бригадасына түседі. Осы жерде оны сержанттар дайындайтын батальонға жібереді. Ысмайыл ағасы мұның арқасынан қаға құшақтап, бетінен сүйіп, «қош, амандықта қауышайық» деп көзіне жас ала қала береді. Жүрегі

ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР ҚАҒАРМАНЫ

құрғыр бір жамандықты сезгендей Әубәкірдің тұла бойы шымырлап қоя берді. Бірақ артына қайырылып бұрылатын уақыт жоқ еді. Сөйтіп, ағайынды Сәрсенбаевтардың жолы екіге айырылады. Олар бір-бірін соңғы көруі мен қоштасуы екенін қайдан білсін?!

Содан Әубәкір сержанттар дайындайтын батальонға кетті. Уфа қаласын орай аққан Беляя өзені бойына орналасқан оқу орнына келді. Арада аз ғана уақыт өткізіп, соғыс жағдайы ауырлай түскендіктен сержант атағын беріп, Тоцкий лагеріндегі №11 Одесска бригадасына келеді. Онда үш айдай жанадан әскерге келгендерді ұрыс тактикасына үйретеді. Күн санап соғыс өрті айналыны шарпи түседі. Немістер аяусыз алға жылжып келеді. 1942 жылдың күзінде Дон мен Донең өзендері бойындағы кескілескен ұрысқа түсуге тура келіп, майдан шебіне жетті. Оқтын ысырақ шуылдаған даусын естігенде аза бойы тік тұрады. От пен оқты көргенде бойың еріксіз жинақтала түсетінін байқады. Оқ қандай жылдам болса, одан жылдам қимылдау қажет екенін Әубәкір сонда білді. Сәл тұрып қалсаң болды, өмірдің оқ қиып түсетінін айтып-ақ ұғынды. Содан қарамағындағы солдаттарға жауды атпаса, жау оларды атағының айтып, жігерлендіре түсті. Сержанттық курсты оқып жүргенде көптеген соғысу тәсілін үйреніп шыққанының да пайдасы тигендей.

Өзен бойындағы кескілескен ұрыста талай жауынгерлер қыршынан қиылып жатты. Ұрысқа түсер алдында бір-бірімен ұлтына қарамай құшақтаса, аман-есен келулеріне сәттілік тілеп шығарып салып жататын. Ең өкініштісі, сол ұрыстан тірі келіп ортаға қосылып жатқандар қатары күн санап азайып барады. Арғы беттегі немістер совет жауынгерлерін өзеннен өткізбеуге барын салуда. Осылай Дон өзені бойындағы ұрыс талайдың өмірін қиды. Әсіресе, бұрын ұрыс шебін көрмеген жастар үшін өте қиынға соқты. Ұрей мен қорқыныш олардың бойында барын білген Әубәкір жауынгерлерін өзі алға бастап «Ура, Отан үшін жан пид!» деп айқай салып оқ бойы алда жүрді. Төбеден төнген самолеттер бомбаның астына алғанда тығылар жер қалмайтын. Жердің қара топырағын аспанға көтере түскенде, кімнің қайда қалғанын білмей естен танып қалатын.

Бомбамен төпелеген сәт басылғаннан кейін әр тұстан бас көтерген солдаттар жер астынан тұрып, бір-бірін іздеп тауып жатты. Жараланғандар қаншама. Ішкі атқарылып калып, ішегін өзі жинап салып көмекке шақырып жатқан солдаттар да бар. Бұл оқиға соғыстың шынайы көріністері еді. Қолдан, көзден, аяғынан айырылғы жатқандар да шексіз болды. Дон мен Донең өзендерінен тірі өткендер арпалысқан жаумен айқасып жатты. Сәл соғыс тына қалса танкінің гүрлі, артиллерияның құлақ тұндырар гүрсілі, автоматтың тырсылы ұздік-ұздік әр жерден шығып жатады. Осы Донең өзені мен Запорожец қаласынан жауды қуып өрлеп бара жатқан аралықта Әубәкір

Сәрсенбаев бірнеше рет жарақат алады. Әскери санитарға бинтпен оратып алып жауды өкшелей қуып кете баратын. Қарап тұратын да, жараланып қалдым деп бұғып қалатын да уақыты жоқ. Бар арманы ұйықтамай жауды өз жеріне тықсыру еді. Жастық жалын мен жігердің бойында ойнап тұрған шағы. Қолы қалт етіп соғыс сәл басылса қолына қаламын алып, көзбен көргендерін жырмен өре бастайтын. Жыр етіп ауылдағы ата-анасына, ағайындарына шынайы көріністі арқау етіп жазып жіберетін. Жанындағы майдандас достарының ерлігін паш ете жырлайтын. Олардың батырлығын, жаумен бетпе-бет келіп қолмен айқасқанда жерге алып ұрып сабағандарын терең толғайтын.

Тез біте қалатын соғыстың түрі көрінбейді. Әйтеуір, бар білетіні өз бригадаларының сәл де болса алға жылжып, жаудан селоларды тазартып келеді. Запорожец қаласының маңындағы соғыс 1 айға жуықтап қалды. Алла қалап сәтін салса, қала аймағы жаудан тазартылмақ. «Енді жау бұл жерді бермеу үшін нағыз жан алысып, жан беріскен ұрыс жүргізбек» деп бөлімшені аралаған командир генерал-майор Абсалымовтың өзі ескертіп кеткен-ді. Түнімен «бұл қалай болар екен» деген сержант Әубәкір Сәрсенбаев жауынгерлерін «бір қарыс артқа



Бұл 1944 жылдың 27 шілдесі болатын. Туған елге табаны тигеніне шексіз қуанса, екінші жағынан ағаларының майданда опат болғанын естіп іші қан жылады. Өзін қайрай түсіп, әке-шешесіне сүйеу болуды мақсат етті. Елге келген майдангер Әубәкір Сәрсенбаев өзінің бұрынғы іргесін қаласқан Ақарық қолхозының кеңсесіне келіп счетовод қызметіне орналасады. Содан 1945 жылдың мамыр айында

шегінбейміз» деп қайрамен болды. Міне, ертеңнен аспан кара бұлтқа орна таң атты. Әзірге жау жақ тым-тырыс. Ел көшіп кеткендей. Мұның ақыры ауыр соғыс болатынын сезінгендей қарулардың бәрі демін ішіне тартып тұр. Айнала толық жарыққа енген шақта аспан гүрліге толып, самолеттер қаптап келеді. Алдындағы истребительдер барынша жылдамдықпен жүріп жауаңдатып оқ бората өтті. Самолеттер бомбаларын тастаған күйі қайтып соқпады. Лезде жердің астан-кестені шықты. Ол азай жерде қаптаған танкілер келеді. Артында неміс жауынгерлері. Бұл жерден аман қалу мүмкін емесей. Тек алға ұмтылып жаумен айқаса түсуден басқа жол жоқтай.

Осы кезде көз алдына ауылдағы ата-анасы елестеген Әубәкір барынша қайраттана «Отан үшін, Сталин үшін, Ел үшін алға!» деп жауынгерлерін көтере арыстанша жауға аттылды. Қай тұрса, қай жерге жеткенін өзі де білмейді, сол аяғын оқ кесіп өтіп, естен тана құлап бара жатқанын бір-ақ білді. «Алға» деп айқайлайтын десе, үні шықпайды. Ар жағы есінде жоқ...

Арада қанша күндер өткенін кім білсін, әйтеуір есін жиып айнала қараса басқа танылу, сөйлейін десе аузы ашылмайды. Дегеннен сипаласа, сол аяғы жуан саннан жоқ. Ал оң жақ көкірегі таңулы. Қолтық астынан тиген оқ өкпесін қоса тесіп өткенін байқады. Ойлап қараса, сау-тамтығы қалмағандай. Дененің бәріне сиярап пашырландылары тиген. Медсестра тамақты аузына түтік арқылы беретінін білді. Сөйтіп, жалын атқан 21 жасында сол аяқтан айырылып, мүгедек болғанына жаны ауырды. Қайғырып жата шықты. Алайда күн өте келе тірі қалғанына шүкіршілік етті. Елдегі әке-шешесін ойлап, сағына ауыр күрсінді. Туған жері мен ауылын ойлады... Опасыз соғыс болмағанда ел қатарлы білім алып, ел жүгін көтерер еді. Өзі қолынан құрған қолхоздың табысын молайтып, ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігін түзсер еді. «Енді қолына балдақ ұстаған адам кімге керек дейсін» деп іштей күйінгені де, қапалы күй кешкені де шындық еді. Бірақ ағаларының соғыста опат болғанынан бейхабар болатын.

Оның олай ойлауының басты себебі, бір аяғының жоқтығы еді. «Мүгедек қан кімге керек» деген ой жанын жегідей жеп барды. Дегенмен ақылды азамат қой. Ақыры, бір байлағма келіп, ауылға барып ел қатарлы өмір сүруді алдына мақсат етіп қойды. «Қой, сабыр көңілім, сабыр! Қаһарлы жаудан қаймықпаған жүрегім, «енді бір аяқтан айырылдым екен деп» қалай морт сынбақсың» деп ол өзін осылай өмір сүруге қайрады. Сонымен, әскери госпитальда 8 ай жатып емделді. Сол жерде аяғына ағаш протез, иегіне протез орнатып елге қайтты. Сөйтіп, жанына қос балдақты серік еткен ол Қызылорда станциясына жетті.

партия мүшелігіне кандидаттыққа өтеді. Арада екі жыл өткізіп КПСС қатарына қабылданды. Сөйтіп, облыстық ауылшаруашылық басқармасы жанынан ашылған 6 айлық бухгалтерлік курсты 1948 жылы бітіреді. Ақарық қолхозына бас есепші болады. Көп ұзамай Құмшығанақ қолхозына бас есепші етіп жібереді. Ол кезде бас есепші ауданның бұйрығымен тағайындалатын. Содан 1950 жылы ұсақ-түйек Қызылту, Ақарық, Айдарлы, Құмшығанақ қолхоздары таратылып, Аманкелді қолхозына біріктіріп, ірілендіріледі.

Содан Аманкелді қолхозының бас есепшісі қызметін атқарады. Ленин қолхозы мен Аманкелді қолхозы таратылып Аманкелді совхозы болып қайта құрылып, алтын сұр елтірісін өңдейтін, өндіретін шаруашылыққа айналды. 1974 жылы Айдарлы өз алдына совхоз болып құрып, майдангер Әубәкір Сәрсенбаев өз туған жеріне барып қызмет жасауды ұйғарады. Сөйтіп, жана шаруашылықтың іргесін көтерген жандардың бірі ретінде ел есінде қалды. Шаруашылықтың есеп-қисабын жолға қойып, мұн-мұқтажын түгендеуде Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде жоғарыға сөзін өткізіп, өз мүмкіндігін ел жолына пайдаланып, жоғын түгендеп, жүкті жұмыла көтеруге күш салды.

І-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденінің иегері. «Ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Ұлы Жеңістің 40, 50, 60 жылдық медальдарын алған. 1952 жылы «Ауылшаруашылық саласының шебері» төсбелгісінің иегері атанған. Осылай қаһарлы күндердің қаһарманы елге келіп, еңбек етіп, ауылдың өркендеуіне, дамуына өз үлесін қоса білді. Біз бұл кісінің ақындығына тоқтала алмадық. Оны бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес еді. Ол жайлы сөзі келгенде жазамыз. Әубәкір мен Күнмхан ана 5 ұл мен 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Бұлардың барлығыда жоғары білімді, отбасылы. Бәрі де басшылық қызметтер атқарып, алды зейнеткер атанып үлгірді. Немере, шөберелері де егемен елдің даму жолында еңбек етуде.

Бүгінде Әубәкір Сәрсенбаевтың шаруашылықтың дамуына жасаған адал қызметі ел арасында әлі күнге дейін айтылып келеді. Қос балдақпен жүрсе де шаруашылық үшін төккен тері мен еңбегі өлшеусіз екендігін ауылдастары жақсы біледі. Сондықтан Айдарлы ауылының тұрғындары алдағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Сырдария ауданы орталығынан марқұм, майдангер Әубәкір Сәрсенбаевтың атына көше беруді ел ағаларынан сұрайды. Осындай елеусіз қалып жатқан майдангерлеріміз қаншама? Біз де бүгінгі ел азаматтары соғыс сарбаздарына ұмытпаса екен дейміз! Олар қандай құрметке болса да лайық жандар десек, артық айтпағанымыз болар.

Кенжылы ЕРІМБЕТОВ,
ҚР Ақпарат саласының үздігі

ЕЛГЕ ЕСЕЛІ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ



Халықтың қамын ойлап, бүкіл өмірін елге қызмет етуге арнаған жанның бірі менің әкем – Төлепберген Алматыев. Өте сыйлы, айналасына мейірім шашып тұратын әкемің жолдасы да, досы да көп болатын. Қызметтестерімен тез тіл табысып, оларға жанашырлық танытып, отбасылық мәселелері болса да көмектесіп, оны шешуге жанын салатын. Жұмыстан бір босай қалса, балаларына көңіл бөліп, қамқорлығын аймайтын. Әкем 1935 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданында

дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Қызылордадағы совхоз техникумды және 1981 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын Қармақшы ауданындағы механикалық-техникалық жабдықтау зауытына механик қызметінен бастаған. 1957 жылы механикалық зауыттың менгерушісі лауазымына тағайындалды. 1960 жылы Қармақшы ауданындағы Чапаев қолхозында, 1971 жылы сол аудандағы Ақжар совхозында, 1973 жылдан 1979 жылға дейін Ленин совхозында бас инженер болып қызмет атқарды. 1980 жылдан бастап Сырдария ауданының МИС поселкесінде гараж менгерушісі, 1982 жылдан 1988 жылға дейін материалдық-техникалық шеберхана менгерушісі, 1988 жылдан лаборатория менгерушісі қызметін атқарды. 1995 жылдан келісім бойынша жұмысқа қабылданып, оны абыроймен атқарып, 1997 жылдан бастап зейнетке шықты. Өріптестерінің айтуынша, әкем жүзі жылы, білікті маман болған.

Маржан АЛМАТОВА

Астананы анықтау жөнінде құрылған арнаулы комиссия Қазақ Автономиялы Кеңестік Республикасының астанасы болуға лайық қалалар қатарында Ақмола, Әулиеата, Шымкент, Ақтөбе, Ақмешіт, Ташкент қалалары аталды. Делегаттар тарапынан Ташкент қаласы көп айтылған.

1922 жылғы 12 сәуірде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық

өзінің төл ұлттық атауы «қазақ» қалпына келтірілді. Оған төрағалық еткен Сұлтанбек Қожанұлы күн тәртібіне екі мәселе енгізді де, біріншіден делегаттардың бірауыздан қабылданған шешімімен ұлтымыздың «Қазақ» деген шын атауы қайтарылды. Екіншіден, «Ақмешіт» қаласының аты

ҚАЗАҚ АТАУЫ ҚАЙТАРЫЛҒАН КҮН

– Мәселен, Сәбит Мұқанов өз баяндамасында «Қызылорда қаласы өте шағын, тас төселген көшелер мүлде жоқ десе де болады, көшелерде адамдар атпен, түймен, есекпен жүрген, үйлер балшықтан салынған, әрі бір қабаттан тұрады» деген екен. Осының бәріне қарамастан, 1924 жылғы 27 қарашада Қазобкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазөлкекомның жауапты хатшысы Сұлтанбек Қожанов астананы Ақмешітке көшіру ниетінен айнымады. Ол Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында

болуы керек. 1925 жылдың көктемі мен жазында мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Орынбор шаһары мен губерниясы Ресей Федерациясы құрамына берілді, – дейді эскурсовод. Тарих беттерінде Қызылорда атауын ұсынған Қоңырқожа Қожықов екені айтылады. Әйтсе де, оған қарсы саясаттың күшейгенін оның сөзі қабылданбайтын болғандықтан, осы ұсынысты мінберде Сұлтанбек Қожанов айтты.

– 1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Ақмешітке өткен бүкілқырғыздар кеңесі V съезінің Президиумының көрінісі қазақ кеңестерінің V съезі болды. Ресей империясы кезінде «қырғыз» деп аталған халық

«Қызылорда» болып өзгертілді. Ол сөзінде «қызыл» деген сөз большевиктер ұранына сай келеді, ал орда деген ұғым түркі дәуірінен келе жатқан қазақ ұғымы, тарихи түп тамырдың жалғасы дегендей, қазақ халқының мемлекеттілігінің жалғасы, қайнар бұлағы есебінде осы атқа тоқтаты. Қоғамдық-саяси жұмысқа белсенді түрде араласып, өлкелік саяси-ағарту жұмыстарына үлкен үлес қосты. Жергілікті жерлерде мектептер, жетім балаларға интернаттар ашылып, қазақ жастарын көбірек білімге тартуға көмек көрсетілді, – дейді А.Қарбозова.

Дәулет ҚЫРДАН



«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ — 180

ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз көмелетке жетпейтұғының; әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те — менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкерліктен, көрсекызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, асдақан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? — депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын — мен, сенің сөзіңді ұғатұғын — мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрен алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды? — депті.

Онан соң жүрек айтыпты:

Мен — адамның денесінің патшасымын, кан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген кімсіздің, тамақсыз аштың күйіңді қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашытып, төсегінде дөңбешітетұғын — мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын — мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын аламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын — мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын — мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірабаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады? — депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

— Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдан да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, — депті.

— Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да — бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның — екеуінің де сүйенгені сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, — депті.

— Сен үшеуінің басыңды қоспақ — менің ісім, — депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырын көп, жүрек сенің ол көп қырына жұрмейді: Жақсылық айтқаныңа жаны-діңі құмар болады. Көңбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, — деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табаныңды топырағы көзге сүрттерілік қасиетті адам сол.

Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақталам.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті.

Республиканың астанасы болуға лайық, Ақмешіт қаласы ұсынылғанда, ең басты дәлел ретінде онда Орынборға қарағанда қазақтардың көп тұратыны тілге тиек етілді. Оның үстіне Орынбор-Ташкент темір жолы да республиканың жаңа астанасын Ресей орталығымен, Қазақстанның батыс, оңтүстік аудандарымен және Орта Азия республикаларымен байланыстыратын еді.

— Кеңестік биліктің қылышынан қан тамып тұрған шақта Астананы көшіру туралы ұсынысты кімдер айтты? Баспасөзде жарияланған мақала тасқа басылған құжаттай болатыны белгілі. Газет беттерінде астананы көшіру туралы мақалалар, құжаттар басылған шығар?

— Жаңа астана туралы ойларын Сұлтанбек Қожанов «Ақ жол» газетінде жарияланған «Кешікпей келісу керек» (1924ж.), «Іс жүзінде орындау керек» (1924ж.), «Қазақтар кімді қай қала болсын» (1925ж.) т.б. мақалаларында бүкпесіз білдірді. С.Қожанов «Ақжолдың» 1924 жылғы 17 желтоқсандағы санында «Қазақ астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жақ болуы керек, — деп жазды. Сонымен Қазақ АКСР Орталық комитетінің 1925 жылғы 9 ақпандағы

Сағат ТАЙМАН, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, гуманитарлық педогогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты:

ҚЫЗЫЛОРДА — ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗІ
САЛҒАН АЛҒАШҚЫ АСТАНАСЫ

шешімімен Қазақ Орталық Атқару Комитеті (КазЦИК) Президиумы республика астанасын Орынбор қаласынан Ақмешіт қаласына көшіру жайлы қаулы қабылдады, ал 6 сәуірде Орынбор губерниясы Қазақ автономиясы құрамынан шығарылды. Қазақ (Қырғыз) АССР-і Кеңестерінің V съезі делегаттары және өкімет мүшелері бар пойызы Орынбордан республиканың жаңа астанасы, Ақмешітке 1925 жылдың наурыз айының аяғында аттанып, 15 сәуірде келді.

1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды. 19 сәуірде съезде өте маңызды шешімдер қабылданды: патшалық билік кезінен сол уақытқа дейін қырғыз аталып келген халқымыз тарихи дәстүрін қайтып алды, «Қырғыз Республикасы» «Қазақ Республикасы» болып, ал Ақмешіт Қызылорда, яғни большевикше «қызыл астана» болып өзгертілді.

— Ұсынысты алғаш айтқан Қоңырқожа Қожықов деп жүрміз. Кеңестік билік үшін «қызыл» сөзінің ерекше мәнге ие екенін білеміз. Қаланың Қызылорда деп аталуында қандай мән бар?

— Ақмешітті Қызылорда деп атау туралы ұсынысты алғаш айтқан Қоңырқожа Қожықов, ал съезде ұсыныс айтқан Сұлтанбек Қожанов болды. Себебі бұл ұлт зиялылары қазақ халқының, түбі ортақ түркі тарихын жақсы білді. Шын мәнінде, бұл сөзді түркілік семантикалық тұрғыдан қарасақ, «қызыл» сөзін түркі дәстүрінде қасиетті, күнмен байланысты ұғымды білдіреді. Ортағасырлық жазба ескерткіштерінде — Қорқыт ата кітабында, Шайбани хан сөзіндегі, Анадоли диалектілерінде «қызыл» сөзі «алтын» деген мағынаны білдірген. Ал «орда» сөзі — билік, астана мағынасында қолданылған екен. Сонымен

Басы 1-бетте

Бұл көше Тағзым алаңының оң жағында орналасқан. Ал сол жағындағы Қонаев көшесінде Алма Оразбаева тұрды. Қазір Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы тұрған үйлер жермен жексен болған. «Елу жылда — ел жана, жүз жылда — қазан» дегендей, орнына жаңа баспаналар, кәсіпкерлік нысандары бой көтерген. Десек те осы жерде ұлттың ойлаған зиялылар тұрғанын айғақтайтын бірде-бір белгі жоқ. Алма Оразбаева тұрған үйге келгенде ауладан бөлек өз алдына көгалды қоршау қойылып, оның ортасында үлкен белгі тұр екен. Белгіде Алма Оразбаеваның 1925-1929 жылдары осы үйде тұрғаны және жұмыс істегені жазылған. А.Оразбаеваның қазақ әйелдерінің көзін ашып, зиялы ортадан өз орындарын табуына бағыт-бағдар беруімен қатар, ерекше өнері де болған. Белгілі музыка зерттеушісі Затаевич одан қазақтың «Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Зейнешім», «Саржан», «Төртпішпен», «Гиндаш», «Айнамақ» және «Қоштасу» тәрізді он әнді жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына енгізді.

«Алма Оразбаева — жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен құтқару жолында күресуші көрнекті қайраткер. Тамылжыған нәзік(сопрано) дауысы бар және әнді нақышына келтіріп мейлінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан. Оразбаева менің жұмысыма барышына ықпал білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды» деп баға берген Затаевич.

Қазақтан шыққан тұңғыш инженер, тарихшы-ғалым Мұхамеджан Тынышбаев та осы Сыр топырағында еңбек етті. Мұрағат деректерінде 1925 жылдың 9 ақпанында Қазақ АССР астанасы Орынбордан Ақмешіт қаласына ауыстыру туралы Қазақ орталық атқару комитетінің қаулысы қабылданып, қаулыны жүзеге асыру Қазақ АССР халық комиссарлар кеңесіне тапсырылғаны жазылды. Соған орай ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті қаулысымен 6 кезекте жанынан Техникалық комиссия құру туралы шешім шығарылған. Техникалық комиссия төрағалығына Аспандияр Кенжин тағайындалыпты. Сол 1925 жылдың 19 маусымында Қызылорда қаласының құрылысына басшылық жасау үшін Халық комиссарлар кеңесі жанынан Құрылыс комитеті құрылады. Комитет төрағасы болып Абылай Серғазиев тағайындалып, оның техникалық жағынан орынбасары қызметіне инженер Мұхамеджан Тынышбаев бекітілген. Техникалық комитет төрағасы А.Серғазиевтің 1925 жылдың 10 тамызындағы жазметтік хатында М.Тынышбаевтың осы жылдың 20 шілдесінен бастап Қызылорда қаласын салу туралы Құрылыс комитеті төрағасының техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары және Құрылыс комитетінің

Басы 1-бетте

болшевиктер үшін «Қызылорда» — қызылдар қаласы, ал түркі тілінде «Қызылорда» — «Алтын орда» мағынасын берді. Съезде большевиктер бұның арғы мәніне басын ауыртпай, ұсыныс бірден қабылданды. 1990 жылдары Қызылорда қаласына тарихи «Ақмешіт» атауын қайтару туралы көптеген пікір айтылды. Дегенмен Қызылорда атауы ғасырлық тарихпен біте қайнасып, ұлт жадында астана ретіндегі бейнесімен сақталып қалған. Сондықтан жоғарыда айтқандай, Қызылорда атауы мемлекеттік құрылым, ұлттық идея және тарихи сабақтастық ұғымдарымен де тығыз байланысты.

— Астана болған жана қаланың сол кездегі келбетіне оралсақ. Астана Қызылордаға көшкеннен кейін қала дамуы қалай қарқын ала бастады?

— Қызылорданың Қазақстан астанасы болуымен қаланың дамуы да қарқын ала бастады. Қала тұрғындарының саны 22 577-ге жетті. Қалаға электр жарығы қосылып, түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іретасы қалана бастады. Біртіндеп қаламызға кондитерлік фабрика, ет комбинаттары, сыра зауыты, сонымен қатар түрлі артелдердің қатары көбейді. Қаламызда орта оқу және арнаулы оқу орындары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мекемелерімен қоса

орталықтан ғылыми-зерттеу ғимараты қазақтың эпидемиология және гигиена институтының негізінде егу лабораториясы дүниеге келді. Қалада Қазақ халық ағарту институты 1925-1928 жылдары жұмыс істеп, онда Ахмет Байтұрсынұлы дәріс оқыды. Алғаш рет қазақтың ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, қазақтың мал дәрігерлік-бактериологиялық және басқа да институттары өз жұмысын осы қалада бастады. Астана болған соң газет-журналдар да осы қалаға топтасты. Қызылорданың астаналық кезіндегі қаланың дамуына зиялылар шоғырланған «Еңбекші қазақ» (Егемен Қазақстан) «Советская степь» («Казхстанская правда»), «Ауыл» деп аталатын республикалық газеттер мен «Әйел теңдігі», «Денсаулық жолы», «Жаңа әдебиет», «Жаңа мектеп» журналдары жарық көре бастады.

— Елдің астанасы болу мәртебесі қала дамуына бір қадам десек болатындай. Қазіргі қандай мекенжайларда алғашқы астананың мемлекеттік мекемелері көшірілі?

— Қызылорданың саз балышқан салынған бейнесі бұзылып, қос қабатты, әсем үлгідегі үйлер қатар түзеп, сол кездегі мөлшермен қыруар қаржы бөлініп жатты. 1925 жылы Орынбордан жаңа астана Қызылордаға 49 мекеме мен 1150 қызметкерді көшіру қажет болды. Көшіру комиссиясына мекемелер мен қызметкерлердің тұрғын үйлерін орналастыру үшін әртүрлі нысандарды, тіпті сарайлар, жазғы асырлер мен моншаларды бейімдеуге тура келді. Мысалға алатын болсақ, бұрынғы Полтарский көшесінде №17 үйде (Қорқыт ата) мемлекеттік банк, Ф.Энгельс көшесі №52 үйде Промбанк, К.Маркс көшесі (Әйтеке би) №22 үйде телефон станциясы, №43 үйде Казторг, №47 үйде Санбанк институты, немірсіз үйде «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясы, Першин №23 ғимаратты сыра зауыты, Советская көшесі №10 үйде Кеңестер үйі орналасты. Гүлнар Міржақыпқызының естелік

ҰЛЫЛАР ТҰРҒАН ҮЙЛЕР



Тынышбаевтың үйі болғанын бір тактаға жазып қойсақ та болар еді, — дейді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

Көлікте келе жатып, музей қызметкері ұялы телефоннан бұрынғы видеоны көрсетті. Бұл видео 1925 жылы түсіріліпті. Темір жол вокзалы тұр. Бірақ бір ғимарат көзге таныс болып, видеоны қайта-қайта жүргізіп отырған Асекең дереу «мәлікті тоқтат» деді. Тарихқа қызығушылық мамандықтан емес, табиғатынан кезің сонда ұқтық.

— Мына ғимаратты көрдіңдер ме? — деді бізге ұялы телефонның ұсынып.

Фототілші Нұрболат Нұржаубай екеуміз айнала көз тастаған сәтте Асхат Сайлау саусағын шошайтып:

— Өне тұрған ғимарат осы, — деді.

Дереу көліктен түсіп, ғимараттың ауласына кіргенде бес-алты қызметкер жүр екен. Мән-жайды айтқанымызда олар да қызығушылығын білдіріп, үлкендірі сөз алды. Бірақ нақты ғимараттың қай жылы салынғанын білдіретін белгі жоқ екен. Мұнда да тақтайша қойылмаған. Бар болғаны алақандай жазу болса, тарихтың тереңіне сүңгіп, нақты ақпаратқа қол жеткізер едік. Иә, бұл — «Қазақстан Темір жолы» ҰҚА АҚ «Қызылорда магистралдық желі бөлімшесі» филиалы Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы Қызылорда электрмен жабдықтау ауданының ғимараты.

— Бұл ғимарат 1925 жылы түсірілген видеоға бар. Демек, мұның тарихы әріде жатыр. Қараның ең алғашқы ғимараттарының бірі. Сал өзгеріске ұшырағаны болмаса, жақсы сақталған. Орынбор-Ташкент темір жолы — біздің қаламызға келген ең алғашқы өркенет. Бұл ғимарат та сонымен қатарлас. Өзі аз ғана қалған тарихи ғимараттарымыздың бірі. Алдағы уақытта қай ғимарат қай жылы салынғанын жазып, сақтап қоюмыз керек. Келесік үшін. Ұрпақ елдің тарихын біле жүруі керек, — дейді Асхат Сайлау.

Ұлт тарихында маңызы зор көп ғимарат бұзылып кетті. Қолда бардың қадіріне жетіп, бағасына жете алмай, талай құндылықтан айырылып қалдық. Сүйегі мықты, сәулеті керемет осыдай нысандарды туристер іздеп келетіндей деңгейге жеткізу — өз қолымызда. Бастысы, ниет керек.

Дәулет ҚЫРДАН,

Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Қызылорда қаласы тұрғындары мен қала қонақтарының назарына!

2025 жылдың 16 сәуір күні сағат 20.00-ден бастап 17 сәуір күні сағат 06.00-ге дейін қала орталығының, Тасбөгет кентінің, «Саяхат», «Саулет», «СІМК-70», «Сырдарья», «Ипподром», «Арай», қаланың «Сол Жағалау» (КБІ), «Мұнайшы», «Шанхай», «Коммунизм», «Аль-Фараби», «Титов», «Гагарин» тұрғын аудандарының орталықтарында ауыз су жүйелеріне жопары жуу, шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Осы жұмыстарға байланысты: 2025 жылдың 16 сәуір күні түнгі сағат 23.00-ден 17 сәуір күні түнгі сағат 01.00-ге дейін қала орталығының, Тасбөгет кентінің, «Саяхат», «Астана», «Саулет», «СІМК-70», «Сырдарья», «Ипподром», «Арай», қаланың Сол жағалау тұрғын аудандарының ауыз су жүйелеріне 2025 жылдың 16 сәуір күні кешкі сағат 21.00-ден 24.00-ге дейін ауыз су беру уақытына тоқтатылатын болады.

Ауыз суды пайдаланар алдында қранды ашып хлордың інісі толық кеткенше ауыз суды пайдаланбауды ұраймыз.

Ведомстволық мекемелерде 2025 жылғы 17 сәуір күні таңғы 06.00-ден бастап суды ағызып хлордың інісі толық жойылғанына дейін жауапты кісілерді бекіту қажет.

Көп қабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсететін Меншік Иесері Бірлестіктері мен көп қабатты тұрғын үйлерге жауапты мекемелерін өкіре ішіндегі тұратыны ауыз су құбырынан тазарту жұмыстарының кейінгі құбыр ішіндегі шөгінді қалдықтар тазартуына 10-15 минут ағызып жіберулеріңізді ескертеміз.

ЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК

Вниманию жителей и гостей города Кызылорда!

16 апреля 2025 года с 20.00 часов до 06.00 часов 17 апреля 2025 года будет производиться плановая промывочная дезинфекция водопроводных сетей центральной части города, п.Тасбуғет, жилых районов «Саяхат», «Астана», «Саулет», «СІМК-70», «Сырдарья», «Ипподром», «Арай», «Левый берег», «КБІ», «Мұнайшы», «Шанхай», «Коммунизм», «Аль-Фараби», «Титов», «Гагарин».

В связи с этим: с 23.00 часов 16 апреля по 01.00 часов 17 апреля 2025 года на водопроводных сетях центральной части города, п.Тасбуғет, жилых районов «Саяхат», «Астана», «Саулет», «СІМК-70», «Сырдарья», «Ипподром» будет, «Арай», «Левый берег» с 21.00 часов до 24.00 часов вечера 16 апреля 2025 года в жилых районах «Шанхай», «Коммунизм», «Аль-Фараби», «КБІ», «Мұнайшы» будет произведено временное отключение питьевой воды.

Перед употреблением питьевой воды необходимо выпустить воду из крана и не пользоваться водой до полного исчезновения запаха хлора.

Ведомственным предприятиям необходимо назначить ответственных лиц на период проведения сброса воды с 06.00 часов 17 апреля 2025 года до полного исчезновения запаха хлора.

Уведомляем Обединения Собственников Имущества (ОСИ) многоквартирных жилых домов и ответственных организаций за многоквартирные жилые дома о необходимости слива воды с разводных трубопроводов в подвальных помещениях после проведения промывки и дезинфекции в течении 10-15 минут до полной очистки воды от осадков внутри трубопроводов.

ГКП на ПВХ «Кызылорда су жүйесі»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Алғашқы 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруге жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралуы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №602

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН